



БҰЙРЫҚ

№ 181

ПРИКАЗ

21.04.2025 жыл.

***Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу және талдау жүргізетін
жұмысшы тобын құру туралы***

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің қызметіне 2025 жылдың 1 мамыры мен 1 маусымы аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық, мемлекеттік сатып алу, әдістемелік жұмыстар, мемлекеттік қызмет көрсетудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Талдау жүргізетін жұмысшы тобы келесі құрамда құрылсын:

С.И.Далабаев – бөлім заңгері, ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелген тұлға;

С.Р.Шабикова – бөлімнің сектор меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі;

Г.Т.Темирханова – әдістемелік кабинет меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі;

А.Б.Бекесова – бөлімнің бас маманы, жұмыс тобының мүшесі;

М.Бактыбаев – мемлекеттік сатып алу бойынша сектор меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы



С.М.Карабалина